

"Октябрь ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 9 шілдедегі № 176 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 13 тамызда № 5799 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 19 мамырдағы № 132 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 19.05.2016 № 132 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығына сәйкес, Қарасу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған "Октябрь ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.
2. "Октябрь ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне әділет органдарында мемлекеттік тіркелуді заңнамамен белгіленген мерзімде жүргізсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

A. Шемшиев

Әкімдіктің
2015 жылғы 9 шілдедегі
№ 176 қаулысымен бекітілген

"Октябрь ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер
 1. "Октябрь ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ауыл әкімінің қызметін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
 2. "Октябрь ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің

ведомстволары жоқ.

3. "Октябрь ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Октябрь ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Октябрь ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Октябрь ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Октябрь ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыretінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен әкімнің өкімдерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Октябрь ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 111015, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қарасу ауданы, Октябрь ауылы, Ленин көшесі, 19.

10. Мемлекеттік органның толық атауы - "Октябрь ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Октябрь ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Октябрь ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Октябрь ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Октябрь ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Октябрь ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Октябрь ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің миссиясы:

ауыл әкімінің қызметін ақпараттық-талдау түрғысынан, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етеді.

15. Міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін, конституциялық құрылышын қорғау және нығайту, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын, азаматтардың құқықтары мен бостандығын қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын өмірге енгізу;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де міндеттер.

16. Функциялары:

1) ақпараттарды жинауды, өндеуді жүзеге асыру және ауыл әкімін әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелер бойынша ақпараттық-талдау материалдармен қамтамасыз ету;

2) Президенттің жүргізіп отырған ішкі және сыртқы саясатын түсіндіру;

3) азаматтар мен занды тұлғалардың Қазақстан Республикасы Конституациясының, зандарының, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын орындауына жәрдемдесу;

4) әкімнің қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз ету;

5) "Октябрь ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің атқару тәртібінің жағдайына талдау жүргізу;

6) "Октябрь ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жұмысын жоспарлау, кенестерді, семинарларды құқықтық жалпы оқытуды және басқа да іс-шараларды өткізу;

7) ауыл әкімінің шешімдері мен өкімдерінің жобаларын дайындау;

8) қолданыстағы заңнамасына сәйкес әкімнің, әкім аппаратының, қызметтерін құжаттамалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

9) азаматтар мен занды тұлғалардың жеке қабылдауын ұйымдастыру;

10) азаматтардың және занды тұлғалардың өтініштерін, арыздарын, шағымдарын қарau;

11) қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз құзыреті шегінде нотариалдық іс-эрекеттерді жүзеге асыру;

12) мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жоғарылатуын қамтамасыз ету;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардан, басқа да ұйымдардан қажетті ақпараттар, құжаттар және өзге де материалдар сұрату және алу;

2) мемлекеттік қызметті уақытылы және сапалы көрсету;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды және міндеттерді жүзеге асыру.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. "Октябрь ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі басшылықты "Октябрь ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. "Октябрь ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

20. "Октябрь ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

- 1) "Октябрь ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесін мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда ұсынады;
- 2) "Октябрь ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады және басқарады;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аппарат жұмысшыларын тағайындауды, лауазымнан босатады және тәртіптік жауапкершілікке тартады;
- 4) қызметтік құжаттамаға қол қояды;
- 5) құзыреті шегінде "Октябрь ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ақшалай қаражаттарына билік етеді;
- 6) оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Бірінші басшы болмаған кезеңде, оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындауды.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

21. "Октябрь ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Октябрь ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. "Октябрь ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Октябрь ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иелікten шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. "Октябрь ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК